



## Өз бетімен істеген жұмысқа арналған виза

### Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегің ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік тәлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

### Жалпы ақпарат

Сіздің болашақ тұрғылықты жеріңізге жауапты шетелдіктердің істері жөніндегі мекемесі виза беруге өз келісімін беруі керек болғандықтан, құжаттардың нақты каталогын білу үшін өтінішті жібермес бұрын олармен байланысқаныңыз жөн. Талаптар әр мекемеге байланысты өзгеруі мүмкін.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

### Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрғылықты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.
- 3 **биометриялық** тәлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік тәлқұжаты** + **толық мәліметтері** көрсетілген **парағының екі көшірмесі**. Шетелдік тәлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Сотталмағандығы туралы анықтама (өтініш берген кезде үш айдан ескі болмауы керек)
  - егер аты-жөні өзгермеген жағдайда: e.gov-тан электрондық көшірме **екі дана**
  - егер аты-жөні өзгертілген жағдайда: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі



Комитетінен сотталмағандығы туралы анықтама. Анықтамада тегі және бұрынғы барлық аты-жөні көрсетілуі шарт, апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі

- егер сотталғандығы болса: тиісті сот шешімдерінің апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі

Толық кесте түрінде жасалған білімі мен жұмыс тәжірибесі көрсетілген өмірбаян, екі данада

Егерде бар болса: бұрын неміс тілін меңгергеніңіз туралы құжаттың түпнұсқасы + 2 дана көшірмесі

Сіздің кәсіби біліктілігіңізді растайтын құжаттың түпнұсқасы + 2 көшірмесі:

- Сіздің соңғы бітірген жоғарғы оқу орны: **диплом және бағалар тізімі**
- Соңғы алынған кәсіби біліктілік: **бағалар тізімі көрсетілген диплом**
- Тиісті кәсіби тәжірибе мен біліктілікті арттыру жайлы құжаттар

Өтініш берген кезде Сіздің жасыңыз 45-те болса және Сіздің жылдық жалпы жалақыңыз **46.530 еуродан** аз болса: Зейнетақыны растайтын құжаттар төмендегі көрсетілген түрде ұсынылуы керек:

- Сіздің жұмыс істеген елдің міндетті зейнетақы сақтандыру бағдарламасы бойынша талабыңыз **HEMECE**
- Жеке зейнетақы немесе өмірді сақтандыру **HEMECE**
- Жылжымайтын немесе басқа мүлік

#### **Жоспарланған іс-шараларды бекіту:**

Кәсіпорын профилінен, бизнес-жоспардан, бизнес тұжырымдамасынан, капиталға қойылатын талаптар жоспарынан, маркетингтік стратегиядан, кіріс болжамынан, кірістер туралы есеп, өтімділік болжамынан тұратын екі данада бизнес-идеяның сипаттамасы. Құрылатын жұмыс орындары мен оқу орындарының саны туралы ақпарат. Ұсынылған бизнес инновациялар мен зерттеулерге қалай оң әсер ететінін түсіндіру.

Екі данада қаржыландыру жоспары немесе меншікті капиталды немесе қарызды қаржыландыруды растау.

Егерде бар болса:

- Екі данада коммерциялық тізілімнен ағымдағы үзінді көшірме **ЖӘНЕ**
- Тіркеу туралы нотариаттық актісі түпнұсқасы мен екі көшірмесі **HEMECE**
- Нотариалды куәландырылған серіктестік шарт түпнұсқасы мен екі көшірмесі **ЖӘНЕ**
- Акционерлер тізімі түпнұсқасы мен екі көшірмесі **ЖӘНЕ**
- Басқарушысымен жасалған еңбек шарт түпнұсқасы мен екі көшірмесі

#### **Қазақстан Республикасының азаматтығы жок өтініш берушілерге:**

Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, түпнұсқасы мен екі көшірмесі.